**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Өкілетті Кеңесінің 58-мәжілісі**

**Түркістан/ҚАЗАҚСТАН** **10/11/2018**

| | |
|---|---|
| **Профессор доктор Мұса ЙЫЛДЫЗ**<br>Өкілетті Кеңес төрағасы,<br>Гази университетінің профессоры | **Бибігүл Аманкелдіқызы АСЫЛОВА**<br>Өкілетті Кеңес төрағасының орынбасары,<br>Қ.Р. Білім және ғылым вице-министрі |
| **Доцент доктор Ибрахим КАЛЫН**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Т.Р. Президент Кеңсесінің баспасөз хатшысы | **Ләзат Мейрашқызы АҚТАЕВА**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Қ.Р. Денсаулық сақтау вице-министрі |
| **Доктор Сердар ЧАМ**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің төрағасы | **Академик Мұрат Жұрынұлы ЖҰРЫНОВ**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының президенті |
| **Профессор доктор Мұхиттин ШИМШЕК**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Мармара университетінің профессоры | **Профессор доктор Болатбек Серікбайұлы АБДРАСИЛОВ**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Ахмет Ясауи университетінің ректоры |
| **Хүсейін ҚАРАҚҰМ**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Т.Р. Қазына және Қаржы министрлігі Салықтық бақылау кеңесінің төрағасы | **Мейрамгүл Қайратқызы ҚОЯНБАЕВА**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Қ.Р. Қаржы министрлігі Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директорының орынбасары |

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 58-МӘЖІЛІСІ

**Түркістан / Қазақстан** **10/11/2018**

1. Мәжілістің ашылуы және күн тәртібімен таныстыру
2. Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан жалпы мәлімет ұсыну
3. Ректораттың 2017-2018 оқу жылында атқарған қызметі мен қол жеткізген жетістіктері туралы (Performans) есебін ұсыну, талқылау және бекіту
4. Университеттің 2017 жылғы қаржылық нақты есебін ұсыну және 2019 қаржы жылының бюджетін талқылау
5. Университеттің 2017 жылғы Әкімшілік-шаруашылық және қаржы тексеру есебін, 2017 жылғы Академиялық тексеру есебін талқылау
6. Ректорат тарапынан дайындалған университеттің 2019-2023 жж. арналған Стратегиялық даму жоспарын талқылау және бекіту
7. 2019-2020 оқу жылы Түркия Республикасынан, Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және ТүрТЕП, КазТЕП бағдарламаларына қабылданатын студент контингентін белгілеу
8. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан шәкіртақы негізде 2019-2020 оқу жылы докторантура және кәсіби біліктілік арттыру мен тәжірибе алмасуға жіберілетін үміткерлердің контингенті мен мамандықтарын белгілеу бойынша Ректорат ұсынысын талқылау
9. Университет құрылымына (схема) өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Эндаумент қорын ашу туралы университет Ректорының жалпы мәліметі
10. Университетте құрылысы жоспарланған ғимараттар туралы Ректорат ұсынысын талқылау
11. Жаңа мамандықтар ашу және ҚР тарапынан берілетін грант санын арттыру туралы Сенат шешімін талқылау

12. Ректорат тарапынан Инновациялық өнімдерді (өндірісті) дамытуды ынталандыру мақсатында университет құрамында Технологияларды коммерциализациялау офисін (ТКО) құру туралы ұсынысын талқылау

13. Өкілетті Кеңес Басқармасы құрамында Академиялық талдау және сапа дамыту кеңесін құру туралы Басқарма ұсынысын талқылау

14. Өкілетті Кеңес Басқармасы және / немесе ТүрТЕП бюджетінен АҚШ доллары негізінде жасалатын төлемдерді Түрік лирасында жүргізу туралы Басқарма ұсынысын талқылау

15. Университеттің Клиника-диагностикалық орталығының (КДО) қызметкерлеріне айлық әлеуметтік жәрдемақы төлемдерінің тоқтатылуы мәселесі бойынша Өкілетті Кеңес Басқармасының ұсынысын талқылау

16. Университет балансындағы Шымкент қаласы Желтоқсан көшесі №128 мекен-жайда орналасқан университетке тиесілі үй (шағын жазғы үй) туралы Ректорат ұсынысын талқылау

17. Университет қызметкерлерінің айлық жалақысына қосымша үстемақы мен сыйақы тағайындау туралы Ректорат ұсынысын талқылау

18. Жарғыда көрсетілген университет мекен-жайына өзгеріс ендіру туралы Ректорат ұсынысын талқылау

19. Жаңа регламенттер мен ережелерге толықтыраулар мен өзгерістер енгізу ұсынысын талқылау

20. Ұсыныстар мен тілектер.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 58-МӘЖІЛІСІ**

**Түркістан / Қазақстан** **10/11/2018**

***Өкілетті Кеңестің 58-мәжілісінің шешімдері 20 баптан тұрады***

**1. Мәжілістің ашылуы және күн тәртібімен таныстыру**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің 58-мәжілісі 2018 жылы 10 қараша күні Өкілетті Кеңес төрағасы, доктор, профессор Мұса Йылдыз тарапынан ашық деп жарияланды. Мәжілісті бастау үшін қажетті кворум жиналды. Өкілетті Кеңес мүшелеріне күн тәртібі таныстырылды. Күн тәртібіндегі мәселелерді рет-ретімен талқылау туралы шешім қабылданды.

**2. Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан жалпы мәлімет ұсыну**

Өкілетті Кеңес төрағасы Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар туралы мәлімет берді **(1-қосымша).**

Өкілетті Кеңес төрағасының берген мәліметіне Өкілетті Кеңес мүшелері өз ризашылықтарын білдірді.

**3. Ректораттың 2017-2018 оқу жылында атқарған қызметі мен қол жеткізген жетістіктері (Performans) туралы есебін ұсыну, талқылау және бекіту**

Университет ректоры 2017-2018 оқу жылында Ректораттың атқарған қызметі туралы мәлімет пен қол жеткізген жетістіктері (Performans) туралы есеп берді **(2-қосымша).**

Талқылау нәтижесінде Өкілетті Кеңес мүшелері тарапынан ұсынылған есепке оң баға беріліп, университет Жарғысының 5-бабы (g) және (h) тармақшаларына сәйкес бекітуге шешім қабылданды.

**4. Университеттің 2017 жылғы қаржылық нақты есебін ұсыну және 2019 қаржы жылының бюджетін талқылау**

2017 қаржы жылының нақты есебі ұсынылды және 2019 қаржы жылының бюджеті талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

**4.1.** Университеттің 2017 жылғы қаржылық есебі 24/06/2018-15/07/2018 аралығында қаржылық тексеру комиссиясы тарапынан тексерілген. Осыған сәйкес Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2017 жылғы қаржылық нақты есебі **(3-қосымша) 44.882.347,02** АҚШ доллары (% 02 АҚШ доллары) деп бекітілсін.

**4.2.** Университеттің 2019 қаржы жылының бюджеті **(4-қосымша) 10.260.832.000** теңге (**31.093.400**) АҚШ доллары ағымдық бюджет, **1.297.779.000** теңге **(3.931.800)** АҚШ доллары инвестициялық бюджет, жалпы **11.556.675.000** теңге **(35.025.300)** АҚШ доллары мөлшерінде бекітілсін.

**4.3.** Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан Түркия Республикасының ағымдық бюджет үлесінен Ректораттың есепшотына **2.109.532.319** теңге мөлшерінде ағымдық қаржы аударылсын.

**4.4.** Өкілетті Кеңес төрағасына 20%-дан аспау шартымен бюджет баптарының арасында қаржы аударым (трансферт) жасауға құзырет берілсін.

**4.5.** 44-ші Өкілетті Кеңес мәжілісінің 14.2-бабында көрсетілгендей университет Президенті мен I.Вице-президентіне (Ректор өкіліне) университеттегі өкілеттілік қызметін назарға ала отырып, Өкілетті Кеңес Басқармасының трансфер бюджетінен төленетін айлық өкілеттілік төлемдерін 01/12/2018 ж. бастап әрқайсысына 720.000,00 теңге мөлшерінде төлем жасауға шешім қабылданды.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 58-МӘЖІЛІСІ**

**Түркістан / Қазақстан** **10/11/2018**

**5. Университеттің 2017 жылғы Әкімшілік-шаруашылық және қаржылық тексеру есебін, 2017 жылғы Академиялық тексеру есебін талқылау**

Университеттің 2017 жылғы Әкімшілік-шаруашылық және қаржы лықтексеру есебі мен 2017 жылғы Академиялық тексеру есебі талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

**5.1.** 2017 Әкімшілік-шаруашылық және қаржылық тексеру процесі әлі аяқталмағандықтан, 2017 жылғы Әкімшілік-шаруашылық және қаржы тексеру есебін талқылау мәселесін келесі Өкілетті Кеңес мәжілісіне қалдыру туралы шешім қабылданды.

5.2. 2017 жылы Академиялық тексеру есебіне қатысты Ректорат тарапынан берілген жауабы **(5-қосымша)** Өкілетті Кеңес мүшелері тарапынан қанағаттанарлық деп бағаланды. Талқылау барысында, төменде көрсетілген негізгі кемшіліктерді назарға алуға, түзету жұмыстарын жүргізуге келесідей шешім қабылданды:

**5.2.1.** Сапа менеджменті жүйесі мен мәдениетін дамыту үшін қажетті жұмыстар жүргізу, университет құрамында Сапа комитетін (кеңесін) құру;

**5.2.2.** Университеттің халықаралық мәртебесі аясында академиялық еркіндігін кеңейту жолдарын қарастыру;

**5.2.3.** Түркиялық студенттердің сапасын арттыру үшін нақты іс-әрекеттер жоспарын дайындау;

**5.2.4.** Медицина және стоматология факультеттерінің білім беру сапасын дамытуды жалғастыру және зерттеу лабораторияларының санын арттыру бойынша қажетті ұсыныстар дайындау;

**5.2.5.** Академиялық қызметкерлерді университетке тарту мақсатында ынталандыру жолдарын қарастыру.

**6. Ректорат тарапынан дайындалған университеттің 2019-2023 жж. Стратегиялық даму жоспарын талқылау және бекіту**

Университет ректоры 2019-2023 жылдарды қамтитын 5 жылдық Стратегиялық даму жоспары туралы мәлімет ұсынды. **(6-қосымша)**

Талқылау нәтижесінде:

6.1. Университет Жарғысының 5.бабы (h) тармақшасына сәйкес университеттің 2019-2023 жж. арналған Стратегиялық жоспары қабылданып, бекітілді.

**7. 2019-2020 оқу жылы Түркия Республикасынан, Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және басқа да мемлекеттерден қабылданатын студент контингенті, ТүрТЕП және КазТЕП бағдарламаларына қабылданатын студент контингентін белгілеу**

Ректораттың 2019-2020 оқу жылы Түркия Республикасынан, Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және басқа да мемлекеттерден қабылданатын студент контингенті, ТүрТЕП және КазТЕП бағдарламаларына қабылданатын студент контингенті туралы ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

**7.1.** 2019-2020 оқу жылы Түркия Республикасынан Дайындық факультетіне қабылданатын контингент (тыңдаушылар саны) төмендегідей белгіленсін:

| No | Факультеті | Мамандығы | Шифр | 2019–2020 Студент контингенті |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Филология = (Әдебиет) | Орыс тілі және әдебиеті оқытушысы | 5B011800 | 10 |
| 2 | Филология = (Әдебиет) | Ағылшын тілі және әдебиеті | 5B021000 | 15 |
| 3 | Филология = (Әдебиет) | Түрік тілі және әдебиеті | 5B021000 | 10 |
| 4 | Филология = (Әдебиет) | Қазақ тілі және әдебиеті | 5B011700 | 5 |
| 5 | Әлеуметтік ғылымдар = (Мемлекеттік басқару және экономика ғылымдары) | Халықаралық қатынастар | 5B020200 | 15 |
| 6 | Әлеуметтік ғылымдар = (Байланыс) | Журналистика | 5B050400 | 5 |
| 7 | Гуманитарлық ғылымдар = (Дінтану) | Дінтану | 5B020600 | 10 |
| 8 | Гуманитарлық ғылымдар = (Әдебиет) | Тарих | 5B020300 | 5 |
| 9 | Инженерлік | Компьютер инженерлігі | 5B070400 | 5 |
| 10 | Әлеуметтік ғылымдар = (Экономикалық және әкімшілік ғылымдар) | Экономика | 5B050600 | 5 |
| 11 | Стоматология | Стоматология | 5B130200 | 10 |
| 12 | Гуманитарлық ғылымдар = (Педагогика) | Педагогика және психология (PDR) | 5B010300 | 5 |
| ***ЖАЛПЫ*** | | | | **100** |

7.2. 2019-2020 оқу жылына Түркі дүниесінен Дайындық факультетіне Қазақстан Республикасының (ТТЕ) гранты және Түркия Республикасының квотасы негізінде қабылданатын тыңдаушылар контингенті мен олардың мемлекеттерге қарай бөлінісі төмендегідей белгіленсін:

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 58-МӘЖІЛІСІ

**Түркістан / Қазақстан** **10/11/2018**

| р/с | Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар | 2019-2020 контингент |
|---|---|---|
| 1 | Түркия | 100 |
| 2 | Әзірбайжан | 15 |
| 3 | Түркіменстан | 15 |
| 4 | Қырғызстан | 15 |
| 5 | Өзбекстан | 15 |
| 6 | Өзбекстан (Қарақалпақстан) | 5 |
| 7 | Молдова | 5 |
| 8 | Қытай Халық Республикасы (Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы) | 5 |
| 9 | Ресей Федерациясы Дағыстан Республикасы | 5 |
| 10 | Ресей Федерациясы Кабардин-Балкар Республикасы | 5 |
| 11 | Ресей Федерациясы Қарачай-Черкес Республикасы | 5 |
| 12 | Ресей Федерациясы Алтай Республикасы | 5 |
| 13 | Ресей Федерациясы Хакасия Республикасы | 5 |
| 14 | Ресей Федерациясы Сібір | 5 |
| 15 | Ресей Федерациясы Тува Республикасы | 5 |
| 16 | Ресей Федерациясы Башкирия | 5 |
| 17 | Ресей Федерациясы Чувашия | 5 |
| 18 | Ресей Федерациясы Саха Республикасы | 5 |
| 19 | Ресей Федерациясы Татарстан Республикасы | 5 |
| 20 | Моңғолия | 5 |
| 21 | Басқа мемлекеттер | 15 |
| | **Жалпы контингент** | **250** |

**7.2.1.** 2019-2020 оқу жылында Түркі дүниесі мен туыстас қауымдастықтарға ақысыз негізде білім алуға 250 орын (контингент) бөлінсін, 200-ден артық 50 орынға қабылданған студенттердің шығыны Түркия Республикасы бюджетінен қаржыландырылсын.

**7.2.2.** Жоғарыдағы кестеде көрсетілген орындар толмаған жағдайда бос қалған контингенттерді басқа Түркі тілдес Республикалар мен қауымдастықтарға үлестіру құзыреті Ректор және Ректор өкіліне берілсін.

**7.3.** Қазақстан және Түркия Республикаларынан тыс Түркі тілдес Республикалар мен қауымдастықтардан келіп, Дайындық факультетінде ақылы негізде білім алатын тыңдаушылардың саны нақты бір мемлекет үшін 30-дан аспау шартымен жалпы 100 тыңдаушы қабылдансын.

**7.4.** Қазақстан және Түркия Республикаларынан тыс Түркі тілдес Республикалар мен қауымдастықтардан және басқа да шет мемлекеттерден келіп ақылы негізде бірінші курсқа қабылданатын студенттердің саны нақты бір мемлекет үшін 50-дан аспау шартымен жалпы 300 студент қабылдансын.

**7.5.** Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасы (ТүрТЕП) базалық орта білім / арнайы орта білім, жоғары білім (бакалавриат) және магистратура бағдарламаларына

**7.5.1.** 2019-2020 оқу жылы төменде кестеде көрсетілген контингент шеңберінде студент қабылдансын:

| Оқу деңгейі | Мамандық / Бағдарлама | Контингент | | Базалық орта білімнен жоғары білімге өту / емтиханы |
|---|---|---|---|---|
| | | Күз | Көктем | |
| Базалық орта / арнайы білім | Бағдарламашы (Компьютер бағдарламашысы) | 100 | - | - |
| Жоғары білім (бакалавриат) | Компьютер инженериясы | 150 | - | 50 |
| | Өндіріс инженериясы | 150 | - | 50 |
| | Басқарудың ақпараттық жүйелері | 100 | - | 30 |
| **ЖАЛПЫ** | | **500** | - | **130** |
| Магистратура | Менеджмент | 200 | 200 | |
| | Басқарудың ақпараттық жүйелері | 200 | 200 | |
| | Компьютер инженериясы | 200 | 200 | |
| | Денсаулық сақтау мекемелері менеджменті | 200 | 200 | |
| | Басқару және ұйымдастыру | 200 | 200 | |
| | Білім беруді басқару және | 200 | 200 | |
| | Жергілікті басқару | 200 | 200 | |
| Магистратура | Саясаттану және жергілікті басқару | 200 | 200 | |
| | Білім беруде өлшеу және бағалау | 200 | 200 | |
| | Ағылшын тілі оқытушысы | 200 | 200 | |
| | Туризм менеджменті | 200 | 200 | |
| | Түрік тілі және әдебиеті | 200 | 200 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Араб тілі | 200 | 200 | |
| | Түрік тілін шеттілі ретінде оқыту | 200 | 200 | |
| | Халықаралық қатынастар | 200 | 200 | |
| | Еңбекті қорғау және еңбек | 200 | 200 | |
| | Өндіріс инженериясы | 200 | 200 | |
| | Бағдарламалау | 200 | 200 | |
| | Кибер қауіпсіздік | 200 | 200 | |
| | **Барлығы** | **3800** | **3800** | |
| **Жалпы** | | **4300** | **3800** | **130** |

**7.5.2.** Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасының (ТүрТЕП) магистратура мамандықтарына бөлінген орындар толмаған жағдайда бос қалған орындарды жалпы магистратураға бөлінген орын санынан аспау шартымен сұранысқа ие магистратура мамандықтарына ауыстыру құзыреті ТүрТЕП Басқару Кеңесіне берілсін.

**7.6.** Қазақ тілінде қашықтықтан білім беру (КазТЕП) бағдарламасының арнайы бакалавриат және магистратура бағдарламаларына:

**7.6.1.** 2019-2020 оқу жылы төмендегі кестеде көрсетілген контингенттер шеңберінде студент қабылдансын:

| Білім беру деңгейі | Мамандық атауы | Контингент |
|---|---|---|
| Жоғары білім (бакалавриат) | Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу | 50 |
| | Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 50 |
| | Педагогика және психология | 50 |
| | Математика | 50 |
| | Информатика | 50 |
| | Ақпараттық жүйелер | 50 |
| | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету | 50 |
| | Биология | 50 |
| | География | 50 |
| | Қазақ тілі мен әдебиеті | 50 |
| | Орыс тілі мен әдебиеті | 50 |
| | Дінтану | 50 |
| | Теология | 50 |
| | Құқықтану | 50 |
| | Экономика | 50 |
| | Менеджмент | 50 |
| | Есеп және аудит | 50 |
| | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 50 |
| | Экология | 50 |
| | Туризм | 50 |
| | Мейірбике ісі | 50 |
| **Барлығы** | | **1050** |
| Жоғары білімнен кейінгі білім (магистратура) | Мемлекеттік қызмет менеджменті | 150 |
| | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 100 |
| | Құқықтану | 150 |
| | Спорт және туризм менеджменті | 100 |
| | Дінтану | 100 |
| | Компьютерлік инженерия | 150 |
| | Өндіріс (кәсіпорын) экономикасы | 150 |
| | Кәсіпкерлік құқығы | 150 |
| | Білім беру менджменті | 150 |
| | Денсаулық сақтау менеджменті | 150 |
| **Барлығы** | | **1350** |
| **Жалпы** | | **2400** |

**7.6.2.** Қазақ тілінде қашықтықтан білім беру (КазТЕП) бағдарламасының бакалавриат, магистратура мамандықтарына бөлінген орындар толмаған жағдайда бос қалған орындарды жалпы магистратураға бөлінген орын санынан аспау шартымен сұранысқа ие магистратура мамандықтарына ауыстыру құзыретін университеттің Басқару Кеңесіне беруге;

**7.6.3.** КазТЕП - бакалавриат бағдарламасы бойынша қашықтықтан оқыту жүйесін ашуға дайындық жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылданды.

**8. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан шәкіртақы негізде 2019-2020 оқу жылы докторантура және кәсіби біліктілік арттыру мен білім-тәжірибе алмасуға жіберілетін үміткерлердің контингенті мен мамандықтарын белгілеу бойынша Ректорат ұсынысын талқылау**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен Түркияның университеттерінде «жоғары оқу орнынан кейін білім алуға медицина саласы бойынша кәсіби біліктілік арттыруға, мамандық бойынша тәжірибе алмасуға және кәсіби біліктілік арттыруға» жіберілетін білімгерлер мен мамандар үшін 2019-2020 оқу жылына бөлінетін контингент саны мен мамандықтар тізбесі төмендегі кестеге сай белгіленсін.

Осы орындарға үміткерлерді іріктеу барысында тиісті регламент талаптары мұқият орындалсын және іріктелетін үміткерлер мен Ректорат арасында міндетті қызмет ету келісім-шарты түзілсін.

| № | Мамандық атауы | Докторантура | Кәсіби біліктілік арттыру және мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Биохимия | 1 | |
| 2 | Медициналық генетика | 1 | |
| 3 | Түрік тілі мен әдебиеті | 1 | |
| 4 | Компьютер инженериясы | 1 | |
| 5 | Тісті қалпына келтіру (ресторация) | | 1 (6 ай мерзімге) |
| 6 | Периодонтология, хирургия | | 1 (6 ай мерзімге) |
| **Барлығы** | | **6** | |

**9. Университет құрылымына (схема) өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Эндаумент қорын ашу туралы жалпы мәлімет ұсыну**

Университет ректоры құрылымға (схема) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, Эндаумент қорын ашу туралы, Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінің ашылуы туралы жалпы мәлімет ұсынды.

Талқылау нәтижесінде:

9.1. Университет құрылымына қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізу және бекіту құзыретін Ректор және Ректор өкіліне беруге;

9.2. Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебін ашуға;

9.3. Университетте Эндаумент қорын ашуға негіздеме болатын Ректорат тарапынан есеп дайындауға және келесі Өкілетті Кеңес мәжілісінде талқылауға шешім қабылданды.

**10. Университетте құрылысы жоспарланған ғимараттар туралы Ректорат ұсынысын талқылау**

Ректор университеттің Бас құрылыс жоспарын Өкілетті Кеңес мүшелеріне ұсынды (**7-қосымша** ).

Талқылау нәтижесінде:

Ректорат бірінші кезекте Түркия Республикасы тарапынан жоспарланған 48 пәтерлік 6 блок коттедж, Қазақстан Республикасы тарапынан 500 орынды жатақхана, ТИКА тарапынан 50 орынды қонақ үй, 1 оқу ғимаратының құрылысы туралы мәлімет ұсынды.

Университеттің Бас құрылыс жоспары Өкілетті Кеңес мүшелері тарапынан мақұлданып, құзыретті мемлекеттік мекемелермен қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылданды.

**11. Жаңа мамандықтар ашу және ҚР тарапынан берілетін грант санын арттыру туралы Сенат шешімін талқылау**

Университетте ашылуы жоспарланған жаңа мамандықтар мен ҚР тарапынан берілетін грант санын арттыру туралы Сенат шешімі талқыланды **(8-қосымша)**.

Талқылау нәтижесінде:

| р/н | Мамандық шифры | Мамандық атауы | Бағдарлама атауы |
|---|---|---|---|
| 1. | 5В080100 | Архитектура | бакалавриат |
| 2. | 5В072900 | Құрылыс | бакалавриат |
| 3. | 5В120100 | Ветеринарлық медицина | бакалавриат |
| 4. | 5В080100 | Агрономия | бакалавриат |
| 5. | 5В110200 | Қоғамдық денсаулық сақтау | бакалавриат |
| 6. | 6М051800 | Жобаларды басқару | магистратура |
| 7. | 6М052000 | Іскерлік әкімшілік жүргізу | магистратура |
| 8. | 6М020200 | Халықаралық қатынастар | магистратура |
| 9. | 6М090200 | Туризм | магистратура |
| 10. | 6М021100 | Теология | магистратура |
| 11. | 6М011700 | Қазақ тілі мен әдебиеті | магистратура |
| 12. | 6М110200 | Қоғамдық денсаулық сақтау | магистратура |
| 13. | 6М011400 | Тарих | магистратура |
| 14. | 6М010900 | Математика | магистратура |
| 15. | 6R113300 | Балалар хирургиясы | резидентура |
| 16. | 6R113000 | Нейрохирургия, соның ішінде балалар неирохирургиясы | резидентура |
| 17. | 6D051000 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | докторантура |
| 18. | 6D070300 | Ақпараттық жүйелер (сала бойынша) | докторантура |
| 19. | 6D020500 | Филология: қазақ филологиясы | докторантура |
| 20. | 6D060400 | Физика | докторантура |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 21. | 6D060100 | Математика | докторантура |
| 22. | 6D020300 | Тарих | докторантура |
| 23. | 6D021100 | Теология | докторантура |
| 24. | 6D020600 | Дінтану | докторантура |
| 25. | 6D071800 | Электроэнергетика | докторантура |
| Бакалавриат – 5 мамандық<br>Магистратура – 9 мамандық<br>Резидентура – 2 мамандық<br>Докторантура – 9 мамандық | | | |
| **Барлығы: 25 мамандық** | | | |

11.1. Жоғарыда көрсетілген кестедегі жаңа мамандықтарды ашу үшін ҚР БҒМ қажетті ұсыныс жіберілсін.

11.2. ҚР тарапынан магистратура және докторантура бағдарламаларына бөлінетін грант санын арттыруға ҚР БҒМ қажетті сұраныс жіберілсін.

**12. Ректорат тарапынан Инновациялық өнімдерді (өндірісті) дамытуды ынталандыру мақсатында университет құрамында Технологияларды коммерциализациялау офисін (ТКО) құру туралы ұсынысын талқылау**

Университет ректоры Инновациялық өнімдерді (өндірісті) дамытуды ынталандыру мақсатында университет құрамында Технологияларды коммерциализациялау офисін (ТКО) құру туралы мәлімет ұсынды **(9-қосымша)**

Талқылау нәтижесінде:

12.1. Технологияларды коммерциализациялау офисін (ТКО) туралы ұсынысты қолдай отырып, басқа да университетке қажетті инновациялық инфрақұрылымның элементтерін (бірліктерін) ашу туралы шешім қабылданды.

**13. Өкілетті Кеңес Басқармасы құрамында Академиялық талдау және сапа дамыту Кеңесін құру туралы Басқарма ұсынысын талқылау**

Өкілетті Кеңес Басқармасы құрамында Академиялық талдау және сапа дамыту Кеңесін құру туралы Басқарма ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

Академиялық талдау және сапа дамыту Кеңесін құру туралы мәселенің келесі Өкілетті Кеңес мәжілісінде қарау туралы шешім қабылданды.

**14. Өкілетті Кеңес Басқармасы және / немесе ТүрТЕП бюджетінен АҚШ доллары негізінде жасалатын төлемдерді Түрік лирасымен жүргізу туралы Басқарма ұсынысын талқылау**

Түркияда орын алған АҚШ доллары бағамының құлдырау себебіне байланысты Өкілетті Кеңес Басқармасы және / немесе ТүрТЕП бюджетінен АҚШ доллары негізінде жасалатын төлемдердің 01.09.2018 ж. бастап Түрік лирасында жүргізу туралы Басқарма ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

14.1. Өкілетті Кеңес Басқармасы және/немесе ТүрТЕП (Түрік тілінде қашықтықтан білім беру) институты бюджетінен Ректоратқа және/немесе Еуразия ғылыми зерттеу институтына аударылатын барлық қаражаттар (АҚШ долларымен төленуі міндетті жағдайлардан тыс) 01.09.2018 ж. бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің түрік лирасы / теңге бағамын негізге ала отырып, түрік лирасында жүзеге асырылсын.

14.2. Өкілетті Кеңес Басқармасы және/немесе ТүрТЕП (Түрік тілінде қашықтықтан білім беру) инситуты бюджетінен Қазақстанға жұмысқа жіберілген Түркиялық қызметкерлердің айлық жалақылары мен Түркияға қысқа мерзімді іс-сапарға жіберілген тұлғаларға төленетін тәуліктік шығындарын қоса есептегенде АҚШ доллары негізінде жүргізілетін

барлық операциялар (АҚШ долларымен төленуі міндетті жағдайлардан тыс) 01.09.2018 ж. бастап Түркия Республикасының Ұлттық банкінің түрік лирасы бағамын негізге ала отырып, түрік лирасында жүзеге асырылсын.

**15. Университеттің Клиника-диагностикалық орталығының (КДО) қызметкерлеріне айлық әлеуметтік жәрдемақы төлемдерінің тоқтатылуы туралы мәселесі бойынша Өкілетті Кеңес Басқармасының ұсынысын талқылау**

Университеттің Клиника-диагностикалық орталығының (КДО) қызметкерлеріне айлық әлеуметтік жәрдемақы төлемдерінің тоқтатылуы мәселесі бойынша Өкілетті Кеңес Басқармасының ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

Университеттің Клиника-диагностикалық орталығының (КДО) Оңтүстік Қазақстан облысының аймақтық емхана статусын иеленуіне және кірістерінің артуына сондай-ақ, 2017 жылы Түркия Республикасының Орталық бюджетінен талап етілген қаржы мөлшеріне шектеу қойылуына байланысты Клиника-диагностикалық орталығының (КДО) қызметкерлеріне төленетін айлық әлеуметтік жәрдемақы төлемдерін 2016 жылдың желтоқсан айынан бастап тоқтатуға келісім берілді.

**16. Университет балансындағы Шымкент қаласы Желтоқсан көшесі №128 мекен-жайда орналасқан университетке тиесілі үй (шағын жазғы үй) туралы Ректорат ұсынысын талқылау**

Университет балансындағы Шымкент қаласы Желтоқсан көшесі №128 мекен-жайда орналасқан университетке тиесілі үй (шағын жазғы үй) сатылуы туралы Ректорат ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

Университет балансындағы Шымкент қаласы Желтоқсан көшесі №128 мекен-жайда орналасқан университетке тиесілі үйді (шағын жазғы үй)

нарық бағасына сатып, орнына университет қызметінің қажеттілігіне орай басқа үй/пәтер сатып алу құзыреті Ректор және Ректор өкіліне берілсін.

**17. Университет қызметкерлерінің айлық жалақысына қосымша үстемақы мен сыйақы тағайындау туралы Ректорат ұсынысын талқылау**

Университет қызметкерлерінің айлық жалақысына қосымша үстемақы мен сыйақы тағайындау туралы Ректорат ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

Университет қызметкерлерінің жалпы әлеуметтік жағдайын жақсарту және ынталандыру, білікті академиялық және әкімшілік басқару қызметкерлерді университетке тарту мақсатында бюджеттен тыс / коммерциялық кірістер қаражат есебінен ОПҚ, ғылыми және әкімшілік-шаруашылық, қосалқы көмекші қызметкерлердің айлық жалақыларына қосымша үстемақы және сыйақы тағайындау құзыретін Ректор және Ректор өкіліне (I. Вице-президент) беру туралы шешім қабылданды.

**18. Жарғыда көрсетілген университет мекен-жайына өзгеріс ендіру туралы Ректорат ұсынысын талқылау**

Жарғыда көрсетілген университет мекен-жайына өзгеріс ендіру туралы Ректорат ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мекен-жайы «Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29 В» болып Университет Жарғысына өзгеріс енгізілсін және тиісті мемлекеттік органдарда тіркеу/қайта тіркеуге қатысты жұмыстарын атқару құзыреті Ректор және Ректор өкіліне (I. Вице-президент) берілсін.

**19. Жаңа регламенттер мен ережелерге толықтыраулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсынысын талқылау**

Жаңа регламенттер мен ережелерге толықтыраулар мен өзгерістер енгізу ұсынысы талқыланды.

**19.1. "Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Ішкі тексеру (аудит) бөлімінің регламентінің"** келесі Өкілетті Кеңес мәжілсінде қайта талқылауға шешім қабылданды.

**19.2.** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Стоматология клиникасы ашылсын және "Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Стоматология клиникасының қызметі туралы регламенті» бекітілсін **(11-қосымша)**.

**19.3. "**2547 нөмірлі Жоғары білім беру заңына" енгізілген толықтырулар мен өзгерістерге байланысты «доцент міндетін атқарушы» атауы (штаты) күшін жойып, оның орнына «ғылым докторы, оқытушы» қолданылады. Осыған байланысты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қолданыста жүрген барлық регламентіндегі «доцент міндетін атқарушы» сөзі «ғылым докторы, оқытушы» деп өзгертілсін.

**19.4**. 54-ші Өкілетті Кеңес мәжілісінің 10.1. шешімімен "Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасының қызметкерлер туралы регламентінің" қосымшасы болып табылатын "Басқа мекемелермен қызметтік қатысы жоқ Қазақстанда жұмыс істейтіндер үшін Еңбек келісімашартының (3 тип) 3-бабына, сондай-ақ «Басқа мекемелермен қызметтік қатысы бар Қазақстанда жұмыс істейтіндер үшін Еңбек келісімшартының» (4 тип) 4-бабына қосылған 4-тармақшаның индексі жоғары импакт факторлы журналдарға мақала жариялау мерзімінің ұзақ болуына байланысты 2018-2019 ж. бастап күшіне енуі туралы шешім қабылданды.

**19.5.** "Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасының қызметкерлер туралы регламентінің" қосымшасы болып табылатын "Басқа мекемелермен қызметтік қатысы жоқ Қазақстанда жұмыс істейтіндер үшін Еңбек келісімашартының (3 тип) қызметі деп аталатын бөлімнің 3-бабы 4-тармақшасының, «Басқа мекемелермен қызметтік қатысы бар Қазақстанда жұмыс істейтіндер үшін Еңбек келісімшартының» (4 тип) қызметі деп аталатын 4-бап, 4-тармақшасының қолданылуын реттеу мақсатында төмендегі өзгерістер енгізілсін.

(4) Келісімшарт жасасушы оқытушы болып қызмет атқарған әр оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім жәна ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындығы бақылау комитеті тізіміне енетін Республикалық журналдарда немесе халықаралық деңгейдегі импакт факторлы журналдарда мекен-жай ретінде «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің» аты көрсетілген бір (1) ғылыми мақала шығаруға немесе мақаласының журналға қабылданғанын растайтын құжат көрсетуге міндетті. Келісімшарт жасасушы осы міндетті орындамаған жағдайда бұл келісімшарт жұмыс беруші тарапынан бұзылады.

**19.6.** "Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы қызметкерлер" регламентінің Өкілетті Кеңес мүшелеріне төленетін өкілеттілік төлемдері көрсетілген 42-баптың 1-тармақшасы төмендегідей өзгертілсін:

"42-бап. (1) Өкілетті Кеңес мәжілістеріне қатысқан Өкілетті Кеңес мүшелеріне тәуліктік шығындардан тыс әр мәжіліске қатысқаны үшін Өкілетті Кеңес бюджетінен төленетін 500 АҚШ доллары ағымдағы бағам негізінде ұлттық ақша бірлігінде өкілеттілік ақысы накты төленеді."

**19.7.** "Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы Шәкіртақы" регламентінің

шәкіртақы төлемдері мен мөлшері көрсетілген 26-баптың 2 тармақшасы негізінде Түркия Республикасы азаматы болып табылатын студенттеріне де шәкіртақы төлеу үшін төмендегі өзгерістердің жасалуына және 2019-2020 оқу жылынан бастап күшіне енуіне шешім қабылданды.

“26-бап: (2) Қазақстаннан тыс Түркия және Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтардан келген студенттерге дайындық курсын есептегенде қалыпты (стандарт) оқу мерзімі барысында қыркүйек-маусым айларын қоса 10 ай бойы 18.000,00 теңге көлемінде шәкіртақы әр айдың ішінде ректорат бухгалтериясы тарапынан нақты төленеді. Қажетті бақылау жұмыстары университеттің Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президенті тарапынан жүргізіледі. Белгіленген шәкіртақы мөлшері әр жылы маусым айында қыркүйек айынан бастап, бір жыл мерзімге күшінде болу шартымен Түркия Статистика ұйымы тарапынан жарияланатын Тұтынушылардың баға индексі (ТБИ) пайыздары мен бюджеттік мүмкіндіктерін назарға ала отырып, Өкілетті Кеңес тарапынан көтерілуі мүмкін”.

**19.7.1.** “Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы Шәкіртақы” регламентінің шәкіртақы төлемдері және мөлшері көрсетілген 26-бап, 1-тармақшасындағы кестеде көрсетілген келу-кету жол шығындарын теңге түрінде төлеу үшін төмендегідей өзгеріс жасалсын:

| р/с | Мемлекеті | Келу жол шығындары (теңге) | Қету жол шығындары (теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | Алтай | 50.000 | 50.000 |
| 2 | Әзірбайжан | 90.000 | 90.000 |
| 3 | Башкирия | 50.000 | 50.000 |
| 4 | Болгария | 180.000 | 180.000 |
| 5 | Чувашия | 60.000 | 60.000 |
| 6 | Дағыстан | 90.000 | 90.000 |
| 7 | Шығыс Түркістан (Қытай) | 72.000 | 72.000 |
| 8 | Гагауыз (Молдова) | 180.000 | 180.000 |
| 9 | Хакасия | 55.000 | 55.000 |
| 10 | Ирак | 180.000 | 180.000 |
| 11 | Кабардин Балкар | 90.000 | 90.000 |
| 12 | Қарачай | 90.000 | 90.000 |
| 13 | Қарақалпақстан | 24.000 | 24.000 |
| 14 | Қырғызстан | 33.000 | 33.000 |
| 15 | Қырым (Украина) | 180.000 | 180.000 |
| 16 | Солтүстік Кипр Түрік Республикасы | 180.000 | 180.000 |
| 17 | Македония | 180.000 | 180.000 |
| 18 | Монғолстан | 100.000 | 100.000 |
| 19 | Омск | 55.000 | 55.000 |
| 20 | Өзбекстан | 18.000 | 18.000 |
| 21 | Румыния | 180.000 | 180.000 |
| 22 | Саха | 180.000 | 180.000 |
| 23 | Сібір | 45.000 | 45.000 |
| 24 | Тәжікстан | 45.000 | 45.000 |
| 25 | Татарстан | 42.000 | 42.000 |
| 26 | Тува | 166.000 | 166.000 |
| 27 | Түркия | 180.000 | 180.000 |
| 28 | Түрікменстан | 90.000 | 90.000 |
| 29 | Грекия | 180.000 | 180.000 |
| 30 | Ауғанстан | 180.000 | 180.000 |
| 31 | Косова | 180.000 | 180.000 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 32 | Албания | 180.000 | 180.000 |
| 33 | Иран | 180.000 | 180.000 |
| 34 | Қалмақ | 140.000 | 140.000 |
| 35 | Шешенстан | 120.000 | 120.000 |
| 36 | Ставрополь | 120.000 | 120.000 |

**19.7.2.** «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы Шәкіртақы регламентінің» шәкіртақы мөлшері және төленетін ақша бірліктері көрсетілген 30-бапқа төмендегі 5-ші тармақша қосылып толықтырылсын:

“30- бап: (5) 30-бапта көрсетілген шәкіртақы және басқа да шығындар Түркия Республикасы Орталық (Ұлттық) банкі тарапынан жарияланған АҚШ доллары валюта сату бағамы (курсы) негізінде түрік лирасында төленеді”.

**19.7.3.** “Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы Іс-сапар регламентінің” тәуліктік шығындар деп аталатын 7-бапқа төмендегі 8-ші тармақша қосылып толықтырылсын:

“7-бап. (8) 7-ші бапта көрсетілген тәуліктік шығындар Түркия Республикасы Орталық (Ұлттық) банкі тарапынан жарияланған АҚШ доллары валюта сату бағамы (курсы) негізінде түрік лирасында төленеді”.

**19.7.4.** “Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жәрдемақы және марапаттау регламентінің” ғылыми мақала жариялауды ынталандыру туралы 10-шы бабы толығымен төмендегідей өзгертілсін.

10-бап. (1) Университетте қызмет атқаратын оқытушы профессорларға, ЖОО кейінгі білім беру бағдарламаларында университет атынан білім алып жүрген тұлғаларға Халықаралық ғылыми базаларда **(Thomson Reuters: Web of Science/Web of Knowledge; Elsevier: Scopus, Jstore)** индекстелетін ғылыми журналдарында жариялаған әрбір мақаласы

және алынған әрбір инновациялық патенті үшін авторға төмендегі көрсеткіш негізінде **180 000 теңгеге дейін** ынталандыру сыйақысы төленеді:

| **Импакт фактор (IF) көрсеткіші** | **Сыйақы мөлшері (теңге)** |
|---|---|
| IF 0,1-ден 0,5-ке дейін **(0,1=<IF<0,5)** | 75 000 |
| IF 0,5-тен 1-ге дейін **(0,5=<IF<1)** | 125 000 |
| IF 1-ден жоғары **(1=<IF)** | 180 000 |

(2) Ғылыми негізі жоқ қысқаша баяндамалардан/тезистер мен TÜBITAK-тың ынталандыру аясында жарияланған мақалаларға төленбейді.

(3) 10-бап (1) тармақшасында көрсетілген марапат мөлшері ағымдағы бағам негізінде ұлттық ақша тенге түрінде төленеді.

**19.7.5.** "Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институты" регламентінің 15-бабына 3 аға ғылыми қызметкер, 1 аудармашы штатын қосу туралы шешім қабылданды.

**19.7.6.** "Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Оқу ұйымдастыру регламентінің» 11-бап, 1-тармақшасына төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

"11-бап. (1) Түркия Республикасының азаматы болып табылатын студенттер тіркелген оқу бағдарламасынан басқа бағдарламаға және басқа жоғары оқу орындарынан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ауыса алмайды.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 58-МӘЖІЛІСІ**

**Түркістан / Қазақстан** **10/11/2018**

**20. Ұсыныстар мен тілектер**

Өкілетті Кеңес мүшелері мәжілістің ұйымдастырылуы мен атқарылған дайындық жұмыстарына байланысты өз ризашылықтарын білдірді.

20.1. ҚР Білім және ғылым саласындағы заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістерге байланысты университет Жарғысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу.